

## Қостанай облысы киелі нысандарының тізімі жасалды.

Мен бұл мақаламды жазбас бұрын, бір оқиға есіме түсті. Осыдан он жыл бұрын «Жігіттің сұлтаны» қалалық байқауында қазылық жасап, кейін жігіттердің өзінің жеті атасы туралы айта алмағанына қынжылып: - «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген еді бабаларымыз. Бұл дұрыс болмады», дегенімде қатысушылар мен ұйымдастырушылар ренжіген болатын. «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» деп айтқандай, міне, бүгін әр ұрпақтың өз жеті атасы мен жеті жұрттыңда сақталған қасиетті жерлер мен әулие – әмбиелер жайлы не біліп, не білмейтіндігіміз сыналатын шақ келді дер едім. Жоғалтқанымызды тауып, барымызды бағалайтын шақ туды.



Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы еліміздің тарихи-мәдени мұрасын сақтауға серпін беріп отыр. Біз бұған дейін Қазақстанның киелі 100 нысаны жарияланғаны туралы айтып кеткен болатынбыз. Олардың қатарына осы күні облысымыздағы 34 киелі нысандар қосылып отыр. Олардың 10-ы жалпыұлттық мәнге ие болса, 24 нысан жергілікті маңызға ие деп танылған. Бұл туралы Тобыл-

Торғай өңіріне келген Республикалық этномәдени экспедициясының қатысушылары мәлім етті. Олар өз жорықтарын 16 қазан күні Алтынсарин ауданындағы «Омар құдығынан» бастап, Сарыкөлдегі Жази би, Барақ батыр кесенесінде және Ш.Уалиханов туып өскен жерінде болды. Келесі күндерін Қостанай ауданындағы Ы.Алтынсарин кесенесінен бастаған, олар облыс орталығында жергілікті ғалымдар мен өлкетанушылардың қатысуымен дөңгелек үстел жүздесе, кейін баспасөз құралы өкілдерінің сұрақтарына жауап берген. Түс ауа Денисов ауданының киелі жерлерінде болып, түн ортасында Лисаков қаласына келді. Біздің мұражай және қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшылықтары экспедиция мүшелерін қарсы алып, таңғы төрт жарымда оларды шығарып салды.

Экспедиция қатысушыларының тобында: тарих ғылымдарының докторы - Досымбаева Айман Медеубайқызы; «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы -Жумабаев Батырхан Еликович; «Қасиетті Қазақстан» ғылыми –зерттеу орталығының ҚР Ұлттық мұражайының кіші ғылыми қызметкері Қажымұрат Төлегенұлы; «Казахстанская правда» республикалық газетінің тілшісі Нокрабекова Зарина Москауқызы.

Әріптестеріміздің айтуынша, этномәдени экспедициясы Комаровск ауылды округінде болған. Ынташыл- өлкетанушы В.В. Мыльцев қонақтарға «Қазақстандық Аркаим» археологиялық ескерткішті және қола дәуіріндегі қонысты көрсетті. Кейін Комаровск мектебінде жер бетінде кездейсоқ табылған археологиялық олжаны зерттеген. Бұдан кейін Денисов тарихи- өлкетану мұражайына келушілермен кездесіп, мұражайдағы Құрметті келушілер кітабына өз естеліктерін жазып қалдырған.

Комиссия мүшелері «Сакральды география» республикалық бағдарламасы туралы айтып беріп, Қазақстан тарихы, археологиясы, этнографиясы бойынша өздерінің терең білімдерімен бөлісті.

Қазақстан картасына енгізілетін қасиетті жерлерге арналған қажетті құжаттар бойынша кеңестер өткізді және «Алаш» партиясының тарихы жөніндегі керемет кітапты аудандық маслихат хатшысы А.И. Мурзабаев пен мұражай қызметкерлеріне табыс етті.

Тарих ғылымдарының докторы Айман Досымбаеваның айтуынша, экспедиция кейбір қасиетті жерлер туралы даулы сұрақтар туындауына байланысты, осы жерлерді өздеріміз көріп, әр өңірлердегі зиялы қауым өкілдерімен, ауыл ақсақалдарымен кездесіп, киелі орындар туралы ақпарат алу үшін ұйымдастырылған. Мәселен, Түркебай әулие бейіті, Қоянақ әулие кесенесі, Сатыбалды ишан кесенесі туралы мәліметтердің аздығын тарихшылар алға тартты. Бұдан бөлек, облысымыздың киелі орындары картасына енгізілетін нысандарды тереңдете зерттеу қажеттілігі жайлы айтылды. Бұл бастама бір жылдық жұмыс емес, бес жыл ішінде жүзеге асырылмақ. Алдағы уақытта Сейтқұл Маманұлы кесенесі, «Гатыр шайқасы» белгісі, Тілеп Аспантайұлы бейіті, А. Байтұрсынов туыстарының бейіті, Нұрхан Ахметбеков зираты, Қазыбай әулие және Баймырза әулие Мергенұлы кесенелері облыстық тізімге енеді. Мұнан бөлек әр ауданды аралап жүрген «Тобыл-Торғай» мұрасы экспедициясы жергілікті қасиетті орындар туралы тізім жасайтын болады. Сонымен қатар, Қазақстандағы киелі жерлердің интерактивті картасы орналастырылған портал жылдың соңына дейін іске қосылады, - деп хабарлайды «ҚазАқпарат» ХАА тілшісі. Бұл туралы ОКҚ-да өткен баспасөз мәслихаты барысында «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі Берік Әбдіғали хабарлады. «Киелі орындар туралы ақпарат алуды ыңғайлы ету үшін жылдың аяғына дейін арнайы виртуалды интерактивті карта жасалып жатыр. Интернеттен кез келген уақытта кіріп, өңірлердің қандай тарихы бар, оған қалай жетуге болады - соның бәрін картадан білуге болады. Ол картаны жасау үшін арнайы жұмыс тобы құрылды», - дейді Берік Әбдіғали. Виртуалды интерактивті картаны жасауға атсалысып жатқан орталық өкілі Қайсар Тұрсынғожаның айтуынша, картаның барлық ғылыми жұмысын ғалымдар мен этнографтар атқарса, оның техникалық үйлестіруін жұмыс тобы қолға алмақ. «Негізгі жалпыұлттық деңгейдегі нысандарды алты топқа бөлдік. Яғни, олар географиялық, археологиялық, тарихи тұлғалар мен саяси оқиғаларға қатысты жерлер, діни және ғибадаттану жерлері болып бөлінеді. Сайт толық функционалды, үш тілдегі ақпарат көзі болады. Мобильді қосымшалары туралы тағы да айта жатармыз. Кейбір жылжымалы элементтерімен бірге әр нысанның өз белгісі бар. Сайтта адамдарға ыңғайлы болу үшін «іздеу» қызметінің бірнеше түрі қарастырылған. Яғни, нысандардың категориясы және тікелей атауын енгізу арқылы іздеуге болады. Мәселен, Құнанбай қажы мешіті туралы іздесеңіз, ол туралы шағын ақпаратпен қатар, толығырақ мәліметін, фото және видеогалереясын да ұсына аламыз. Мүмкіндігінше, үйіңізде отырып-ақ сайтта сол кешенге виртуалды «сапар» жасап қайту жолдары қарастырылған. Сонымен бірге, порталды жасаған кезде белгілі бір динамика болуы керек. Әр адам күнделікті түрде пайдалана алатындай ыңғайлы етіп жасадық. Ол жерге қай туристік фирма бара алады, оның қызметі құны қандай - осы іспеттес сауалдардың бәрінің жауабын сайттан біле аласыздар», - дейді Қайсар Тұрсынғожа.

Ұлттық мәдениет, ұлттық сана, ұлттық рух ең басты құндылықтарымызды айқындап берген Елбасының мақаласы біздің бабаларымыздан қалған мұраны жаңғыртып, жандандыруға үлкен септігін тигізеді. Сондықтанда қазірден бастап әрбір отбасы өздерінің бабалар шежіресіне көз тастап, мәдени құндылықтарымызды бұрмаламай, таза қалпында ұрпағына аманат ету қажет деп ойлаймын.

**Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының  
«Лисаков Жоғары Тобыл тарихы  
мен мәдениеті мұражайы» КММ  
ғылыми қызметкі Қадырханова А.Қ.**